

**Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
6D016 - «Тарих» мамандығының докторантты Гүлжан Идрисованың
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған «Дәстүрлі
қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшісінің**

ПІКІРІ

Еліміздің егемендік алудымен бірге тарих ғылымы саласында орасан көп өзгерістер орын алғып, қазақ халқының өткеніне қатысты тың деректерді зерттеу басталды. Болашақ тарихшы мамандар даярлауда шындыққа негізделген тарихи ақпараттарды оқыту мен оны әдістемелік түрғыдан қамтамасыз ету мақсат етілді. Солардың қатарында қазақ қоғамының болмысы мен шындығын зерттеу, оны мектеп бағдарламаларында оқыту және болашақ тарих мамандығының оку жоспарларына енгізу өзектенді. Осы түрғыдан келгенде, докторант Г. Идрисованың «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі қоғам сұранысынан туындаған қажеттілігі артып отырған тың мәселе.

Г.Идрисованың диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны кіріспеден, негізгі екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Онда қазақ қоғамының тарихи қалыптасуындағы ерекшеліктерін мұраган деректеріне сүйене отырып, сонымен катар, сол кезеңдерге қазақ қоғамымен тығыз байланыста өмір сүре жүріп зерттеген шетел ғалымдарының көзқарастары баяндалған қолжазбаларына сүйеніп баяндайды. Кеңестік жүйедегі қазақ қоғамына берілген баға мен шындыққа негізделген мұрагат материалдарында баяндалған ақпараттарды салыстырмалы талдау жасай отырып, тың деректерді келтіруі жұмыстың құндылығы мен бүгінгі тарих мамандарының ұлттық-тарихи санасын қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарады деп білемін.

Сонымен қатар, осы мақсатта біртіндеп қолға алғынан, жарық көре бастаған әдістемелік еңбектердің де жарық көре бастауын, оның мазмұндық ерекшеліктері мен құндылықтарын талдай отырып зерттеуді жүйелі, түсінікті әрі бірізді баянdap сittatтаған. Бұл болашақ тарих мамандарын даярлау жүйесінде онтайлы ақпарат қорын жасақтауға негіз болатын мәліметтер ретінде көрсетіледі.

Тарихи тың деректерді ЖОО-да оқыту мен болашақ тарих мамандарын даярлауда олардың ұлттық саналарын қалыптастыру, кәсіби біліктілігін жетілдуруде элективті курс бағдарламасын ұсыну арқылы алдына қойған мақсатты іске асыру қадамдарын жасаған. Бұл бағдарлама мазмұны дәстүрлі оқыту мазмұнын жаңа, тың деректермен толықтыра отырып, болашақ тарих пәні мамандарын қазақ қоғамының модернизациялану туралы сапалы, толық және тың деректермен жетілдіріледі. Осылайша шындыққа негізделген тарихи деректер білімгерлердің окуға деген ынта-ықыласын арттырып, кәсіби қалыптасуын шындей түсуге негіз болады.

Зерттеу нәтижелерін әдістемелік түрғыдан қамтамасыз ете отырып, оның жоғары оку орнында тиімділігін арнайы жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарымен бекіткен. Оның көрсеткіштерін кестелермен, диаграммалармен беруі зерттеудің шынайлығы мен дәлелділігін көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпты ашады, мазмұнынды баяндау тілі жатық, бірізді, логикалық сабактастықта баяндалған.

Зерттеу нәтижелері автор тарапынан көптеген ғылыми журналдарда, Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға апробацияланып, насхатталған.

Г.Идрисованың «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылықтарын ескере отырып, қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,

Педагогика ғылымдарының докторы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

«Педагогика» кафедрасының профессоры:

 К.Т.Атемова

